Тендерлік баға ұсыныстарының бағалары немесе балдары тең болған кезде (баға өлшемшарттарын қолданған жағдайда) тендерлік баға ұсынысы басқа әлеуетті жеткізушілердің баға ұсыныстарынан ерте келіп түскен әлеуетті жеткізуші жеңімпаз болып танылады.

104. Ұсынысына тендер жеңімпазының ұсынысынан кейін неғұрлым басымдық берілетін әлеуетті жеткізуші тендер жеңімпазының бағасынан кейін келетін немесе тендер талаптарында көзделген баға өлшемшарттарын қолдануды ескере отырып есептелетін ең жоғары балл негізінде айқындалады.

105. Бағалау және тендерге қатысушылардың тендерлік баға ұсыныстарын салыстыру және тендер жеңімпазын анықтау нәтижелері бойынша тендер қорытындылары туралы хаттама ресімделеді.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2024.24.05. № 29 [Қаулысымен 106-тармақ жаңа редакцияда \(2024 ж. 17 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді\) \(бұр.ред.қара\)](#)

106. Тендер қорытындылары туралы хаттама мынадай ақпараттан тұрады:

1) қорытынды жасау орны, күні және уақыты;

2) тендерлік комиссияның құрамы;

3) сатып алу жоспарына сәйкес сатып алуға бөлінген сома;

4) тендерге қатысушылардың тізбесі және олардың тендерлік баға ұсыныстары;

5) бас тарту себебін көрсетумен баға ұсыныстарынан бас тартылған тендерге қатысушылардың тізбесі;

6) баға өлшемшарттарын (олар бар болса) қолдану нәтижелері;

7) тендер жеңімпазы, сатып алу туралы шарттың сомасы, сатып алу туралы шартты жасасу мерзімдері туралы мәліметтер;

8) ұсынысына тендер жеңімпазының ұсынысынан кейін неғұрлым басымдық берілетін тендерге қатысушы туралы мәліметтер.

Документ: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 Қаулысы (2026.01.02. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 07.10.2018 г.

107. ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2024.24.05. № 29 [Қаулысымен](#) алып тасталды (2024 ж. 17 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))
ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2025.02.12. № 91 [Қаулысымен](#) 108-тармақ жаңа редакцияда (2025 ж. 26 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді [бұр.ред.қара](#), 2026 ж. 1 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді [бұр.ред.қара](#))

108. Тендерлік комиссия:

- 1) тендерлік өтінімдер болмаған;
- 2) бағаны төмендетуге сауда-саттықты қолдана отырып, тендер жүргізу кезінде 2 (екі) өтінімнен аз тендерлік өтінім берілген;
- 3) егер 2 (екі) және одан да көп тендерлік өтінімдер ұсыну шарты кезінде тендерге қатысуға 1 (бір) әлеуетті жеткізуші жіберілген;
- 4) тендерге қатысуға бірде-бір әлеуетті жеткізуші жіберілмеген;
- 5) егер Қағидалардың [102-тармағының 1\) және 2\) тармақшалары](#) негізінде тендерлік баға ұсыныстарынан бас тартылғаннан кейін 1 (бір) тендерлік баға ұсынысы бағалануы тиіс болған;
- 6) бағаны төмендетуге қосымша баға ұсынысы болмаған не берілген баға ұсынысының 3 (үш) пайызынан кем бағаға төмендетуге қосымша баға ұсынысы берілген жағдайларда тендер өткізілмеген деп таниды.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2025.02.12. № 91 [Қаулысымен](#) 108-1-тармақпен толықтырылды (2026 ж. 1 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді)

108-1. Егер тендерге (лотка) бір ғана тендерлік өтінім берілген жағдайда, тендерге қатысуға рұқсат берілген әлеуетті жеткізушіге тендерге қатысуға рұқсат беру туралы хаттама жарияланған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде берілген баға ұсынысының кемінде 3 (үш) пайызына бағаны төмендетуге қосымша баға ұсынысын беру туралы хабарлама жіберіледі.

Әлеуетті жеткізуші хабарламаны алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде бағаны төмендетуге қосымша баға ұсынысын береді.

Берілген баға ұсынысының 3 (үш) пайызынан кем бағаға төмендетуге қосымша баға ұсынысы болмаған не берілген жағдайда, тендерлік комиссия Қағидалардың [108-тармағының 6\) тармақшасына](#) сәйкес тендерді өтпеді деп таниды.

Егер тендер өтпеді деп танылған жағдайда тапсырыс беруші Қағидалардың [110-тармағының 2\) және 3\) тармақшаларында](#) көзделген шешімдердің бірін қабылдайды.

Тендер тәсілімен қайта өткізілген сатып алу өтпеді деп танылған жағдайда, тапсырыс беруші Қағидалардың [110-тармағының 4\) тармақшасында](#) көзделген шешімді қабылдайды.

109. Тендерлік өтінімдер болмаған жағдайда сатып алуды ұйымдастырушы өтпеген тендер (лот) бойынша сатып алудың қорытындысы туралы хаттама жасайды.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2024.24.05. № 29 [Қаулысымен](#) (2024 ж. 17 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#)); 2025.02.12. № 91 [Қаулысымен](#) (2025 ж. 26 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#)) 110-тармақ жаңа редакцияда

110. Егер тендер өтпеді деп танылса, не тендер жеңімпазы сатып алу туралы шарт жасасудан бас тартса, не Қағидалардың [185-тармағында](#) көзделген жағдайларды қоспағанда, сатып алу туралы шартты жасасып, сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе, онда тапсырыс беруші:

Документ: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 Қаулысы (2026.01.02. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 07.10.2018 г.

1) ұсынысы тендер жеңімпазынан кейін неғұрлым басымдылық берілген тендерге қатысушыға сатып алу туралы шарттың жобасын қоса бере отырып, оны тендер жеңімпазы деп тану туралы хабарлама жіберу туралы;

2) тендер тәсілімен сатып алуды қайта өткізу туралы;

3) тендердің талаптарын өзгерту және тендерді қайта өткізу туралы;

4) шартты тікелей жасасу тәсілімен сатып алуды өткізу туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

Егер ұсынысы тендер жеңімпазынан кейін неғұрлым басымдылық берілген тендерге қатысушы сатып алу туралы шарт жасасудан бас тартса, не Қағидалардың [185-тармағында](#) көзделген жағдайларды қоспағанда, сатып алу туралы шартты жасасып, сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе, онда тапсырыс беруші Қағидалардың осы тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген шешімдердің бірін қабылдайды.

9-параграф. Тендерлік өтінімнің демпингтік бағасын айқындау тәртібі

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 [Қаулысымен](#) 111-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

111. Әлеуетті жеткізушінің құрылысқа арналған тендерлік баға ұсынысы, егер ол техникалық-экономикалық негіздемеде (жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуге арналған) және Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы [заңнамасына](#) сәйкес сараптамадан өткен жобалық-сметалық құжаттамада көрсетілген бағадан 10 (он) пайыздан астам төмен болса, демпингтік болып табылады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2023.31.07. № 58 [Қаулысымен](#) 111-1-тармақпен толықтырылды (2023 ж. 20 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді)

111-1. Әлеуетті жеткізушінің құрылыстағы кешенді жұмыстарға арналған тендерлік баға ұсынысы, егер сатып алу жоспарында не бюджетте көзделген сомадан 10 (он) пайыздан астам төмен болса, демпингтік болып танылады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 [Қаулысымен](#) 112-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

112. Әлеуетті жеткізушінің үйлер мен ғимараттарды ағымдағы жөндеу бойынша жұмысқа арналған тендерлік баға ұсынысы, егер ол тендерге бөлінген бағадан 20 (жиырма) пайыздан астам төмен болса, демпингтік болып табылады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 [Қаулысымен](#) 113-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

113. Әлеуетті жеткізушінің техникалық-экономикалық негіздемені, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын және қала құрылысының жобаларын әзірлеу бойынша жұмысқа арналған тендерлік баға ұсынысы, егер ол тендерге бөлінген бағадан 15 (он бес) пайыздан астам төмен болса, демпингтік болып табылады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 [Қаулысымен](#) 114-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

114. Әлеуетті жеткізушінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызмет көрсетуге арналған тендерлік баға ұсынысы, егер ол бекітілген

Документ: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 Қаулысы (2026.01.02. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 07.10.2018 г.

мемлекеттік нормативтерге сәйкес есептелген бағадан 15 (он бес) пайыздан астам төмен болса, демпингтік болып танылады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020.21.12. № 148 [Қаулысымен](#) 114-1-тармақпен толықтырылды

114-1. Тиынмен есептелген демпингтік баға дөңгелектенеді. Бұл ретте 50 (елу) тиыннан аз сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал 50 (елу) тиынға тең және одан жоғары сома 1 (бір) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

115. Тендерлік комиссия әлеуетті жеткізушілердің демпингтік бағаларды ұсынуын фактісін белгілеген жағдайда сатып алудың қорытындысы туралы хаттамада демпингтік бағаларды ұсынған әлеуетті жеткізушілер және оларды есептеу тәртібі туралы ақпарат көрсетіледі.

10-параграф. Сатып алуды бағаны төмендетумен жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын тендер тәсілімен жүргізу тәртібі

116. Тапсырыс беруші тауарды сатып алу кезінде бағаны төмендетумен жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын тендерді өткізу қажеттілігін өз бетінше белгілейді.

117. Бағаны төмендетумен жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын тендер тәсілімен сатып алу тауарларға жүргізіледі және Астана қаласының уақытымен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейінгі нақты уақыт режимінде жүзеге асырылады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2025.02.12. № 91 [Қаулысымен](#) 118-тармақ жаңа редакцияда (2025 ж. 26 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

118. Бағаны төмендетуге сауда-саттықты қолдана отырып, тендер тәсілімен сатып алу мынадай кезеңдерден тұрады:

1) бірінші кезең - Қағидалардың [88-тармағын](#) қоспағанда, Қағидалардың осы тарауының [1](#), [2](#), [3](#), [4](#), [5](#), [6](#) және [7-параграфтарында](#) көзделген тендер рәсімдерін өткізу. Бірінші кезең 2 (екі) өтінімнен кем емес тендерлік өтінім берілген жағдайда өткізіледі;

2) екінші кезең - тендерге қатысушылар арасында сауда-саттық өткізу және тендерге қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада белгіленген уақытта (оны тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында немесе сатып алу порталында (электрондық сатып алуды өткізу кезінде) жариялаған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні өткен соң) олардың ішінен жеңімпазды анықтау.

Тендерлік өтінімдер болмаған немесе 2 (екі) өтінімнен кем тендерлік өтінім берілген жағдайда, сатып алу порталында сатып алу қорытындылары туралы хаттама автоматты түрде қалыптастырылады және жарияланады.

119. Сауда-саттық тендерлік комиссияның барлық мүшесінің, тендерге қатысушылардың қатысуымен тендерге қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада белгіленген күні және уақытта әрбір лотқа жеке өткізіледі.

120. Сауда-саттық сауда-саттық (лот) мәніне қатысты бастапқы бағадан бастай отырып баға туралы ағымдағы ұсынысты бір қадамға төмендету арқылы басталады.

Өткізілетін сауда-саттықтың мәні болып табылатын тауарларды сатып алу үшін тиісті қаржы жылына арналған сатып алу жоспарында көзделген сома бастапқы баға болып табылады.

Документ: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 Қаулысы (2026.01.02. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 07.10.2018 г.

Тендерлік комиссия тендерге қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманы жасау кезінде сауда-саттықтың бастапқы бағасынан 0,1 (нөл бүтін оннан бір) пайыздан бастап 5 (бес) пайыз аралығындағы шекте қадамды белгілейді.

121. Тендерге қатысушы ұсынатын баға ұсыныстарының саны шектелмеген, тендерге қатысушы өзінің тендерлік баға ұсынысын азаю жағына қарай бірнеше рет өзгерте алады.

122. Сауда-саттықты өткізу кезінде тендерге қатысушыларға сауда-саттықтың қадамына қарамастан өткізілетін сауда-саттықтың мәні болып табылатын тауарға бастапқы бағадан төмендетілген бағаны ұсынуға жол беріледі.

123. Тендерлік комиссияның хатшысы тендерге қатысушыға әлеуетті жеткізушінің және лоттың атауы, оның нөмірі және бастапқы бағасы көрсетілген билет береді. Билетті әрбір жоғарыға көтеру сауда-саттықты өткізу үшін жарияланған бағаның төмендеуіне арналған қадамға тең болады.

Тендерге қатысушы билетті көтерген кезде лоттың бағасы үш рет қайталанады және баға жарияланған кезде билетті бірінші болып көтерген тендерге қатысушының билеті аталады және басқа көтерілген билеттер болмаса, балғамен үстелді ұра отырып осы лот бойынша тендердің жеңімпазы жарияланады.

Егер билетті қайталау кезеңінде тендердің басқа қатысушысы билетті көтерсе, онда осы лот бойынша сауда-саттық жеңімпаз анықталған сәтке дейін жалғасады.

124. Электрондық сатып алуды өткізу кезінде тендерге қатысушылар әлеуетті жеткізушінің басшысының немесе ол уәкілеттік берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған өткізілетін тендердің (лоттың) мәні болып табылатын тауардың бағасы туралы ұсынысты сатып алу порталы арқылы ұсынады.

Тендерге қатысушылардың тауар бағасы туралы ұсыныстарын қабылдау уақыты тендердің өтуі басталған кезден бастап 30 (отыз) минутты, сондай-ақ тауардың бағасы туралы соңғы ұсыныс түскеннен кейін 10 (он) минутты құрайды.

Егер көрсетілген уақыт ішінде тауардың одан да төмен бағасы туралы 1 (бір) де бір ұсыныс түспесе, тендер аяқталады.

125. Сатып алу порталы барлық тендерге қатысушыға тендерге қатысушылар туралы мәліметтерді көрсетпестен, тендерге қатысушылардың саны туралы ақпарат алуға рұқсат береді.

126. Ең төменгі баға ұсынған тендерге қатысушы жеңімпаз болып танылады.

127. Егер тендерге қатысушы тендердің басқа қатысушысы ұсынған бағаға тең баға ұсынса, басқа ұсыныстардан бұрын келіп түскен баға туралы ұсыныс жеңді деп танылады.

128. Егер сауда-саттықты өткізу басталғаннан кейін 10 (он) минут ішінде (электрондық сатып алуды өткізген кезде - 30 (отыз) минут ішінде) тендерге қатысушылардың бір де біреуі лот бойынша тендерлік баға ұсынысын бермесе, онда лот сауда-саттықтан алынады және осы тендерге (лотқа) қатысты сауда-саттық өтпеді деп танылады. Бұл жағдайда сатып алуды ұйымдастырушы тендердің барлық қатысушысына тендерлік өтінімді қамтамасыз ету сомасын қайтармайды.

129. Сауда-саттықтың нәтижесі Қағидалардың [106-тармағында](#) көзделген ақпаратты көрсете отырып, тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында не электрондық сатып алу кезінде сатып алу порталында жарияланатын бағаны төмендетумен жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын тендердің қорытындысы туралы хаттамада көрсетіледі.

Документ: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 Қаулысы (2026.01.02. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 07.10.2018 г.

130. Тендерлік комиссия Қағидалардың [108-тармағында](#) көзделген жағдайларда бағаны төмендетумен жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын тендерді өтпеді деп таниды.

131. Бағаны төмендетумен жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын тендер өтпеді деп танылған жағдайда тапсырыс беруші Қағидалардың [110-тармағында](#) көзделген шешімдердің бірін қабылдайды.

132. Тендерлік комиссияның тендерге қатысушылармен сауда-саттықты өткізуге байланысты келіссөздер бойынша сұрату жіберуіне және басқалай әрекет етуіне жол берілмейді.

133. Сауда-саттықты өткізу тәртібін бұзған және сауда-саттықтың өтуіне ықпал ететін тендерге қатысушылар мен қатысқан адамдар сауда-саттық өткізілетін залдан (орнынан) шығарылады.

5-тарау. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 [Қаулысымен 134-тармақ жаңа редакцияда \(бұр.ред.қара\)](#)

134. Егер біртекті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны бойынша жылдық көлемі 15 000 000 (он бес миллион) теңгеден аспаса (қоса алғанда), осындай тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу жүргізіледі.

135. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілін қолдану мақсатында қаржы жылы ішінде біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық көлемін біреуінің мөлшері Қағидалардың [134-тармағында](#) көзделген мөлшерден кем бөліктерге бөлуге рұқсат етілмейді.

136. Біртекті емес тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде сатып алуды ұйымдастырушы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді олардың біртекті түрлері бойынша лоттарға бөледі.

137. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың жеңімпазын айқындау әрбір лот бойынша жүзеге асырылады.

138. Сатып алуды ұйымдастырушы баға ұсыныстарын табыс ету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында немесе электрондық сатып алуды өткізу кезінде сатып алу порталында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды өткізу туралы хабарландыруды және хабарландыруда көрсетілген басқа қажетті ақпаратты жариялайды.

139. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу туралы хабарландыруда мынадай мәліметтер:

- 1) сатып алуды ұйымдастырушының атауы және пошталық мекенжайы;
- 2) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің атауы;
- 3) сатып алу жоспарына сәйкес сатып алу үшін бөлінген сома;
- 4) тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету саны (көлемі), орны және мерзімі;

Документ: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 Қаулысы (2026.01.02. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 07.10.2018 г.

5) техникалық ерекше нұсқамасы (бар болса);

6) әлеуетті жеткізушінің баға ұсыныстарын табыс ету орны және соңғы мерзімі, сондай-ақ оларды ашу күні, уақыты мен орны;

7) маңызды талаптарын көрсете отырып сатып алу туралы шарттың жобасы (мәміле Қағидалардың [172-тармағына](#) сәйкес ауызша нысанда жасалған жағдайда көрсетілмейді);

8) басқа ақпарат (қажет болғанда) қамтылады.

140. Бұрын жарияланған хабарландыруға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізген жағдайда, баға ұсыныстарын табыс ететін соңғы күнге дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей сатып алуды ұйымдастырушы тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында немесе электрондық сатып алуды өткізу кезінде сатып алу порталында хабарландыруға енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды жариялайды және баға ұсыныстарын табыс ету мерзімін кемінде 5 (бес) жұмыс күніне ұзартады.

141. Әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысын табыс етуі өткізілетін сатып алуды талаптарында және сатып алу туралы шарттың жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісімін білдіру нысаны болып табылады.

142. Қағидалардың [140-тармағында](#) көзделген жағдайды қоспағанда, баға ұсыныстарын табыс ету мерзімі аяқталғаннан кейін әлеуетті жеткізуші табыс еткен баға ұсынысына өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізуге рұқсат етілмейді.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2024.24.05. № 29 Қаулысымен 143-тармақ жаңа редакцияда (2024 ж. 17 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

143. Әрбір әлеуетті жеткізуші:

1) әлеуетті жеткізушінің басшысы не ол уәкілеттік берген тұлға толтырған және қол қойған (электрондық сатып алуды өткізу кезінде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған) сатып алуға қатысуға келісімді;

2) хабарландыруда көзделген мәліметтерді (кұжаттарды) қоса бере отырып 1 (бір) ғана баға ұсынысын береді.

144. Әлеуетті жеткізуші баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу туралы хабарландыруда көрсетілген баға ұсыныстарын табыс етудің аяқталатын уақытқа және күнге дейін баға ұсынысын ұсынады.

145. Әлеуетті жеткізуші баға ұсынысын конвертте ұсынған жағдайда, әлеуетті жеткізуші жабық конверттің сырт жағында мыналарды:

1) әлеуетті жеткізушінің атауын және пошталық мекенжайын;

2) сатып алуды ұйымдастырушының атауын және пошталық мекенжайын;

3) қатысу үшін әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысы берілетін лоттың атауын көрсетеді.

146. Әлеуетті жеткізуші туралы мәліметтер баға ұсыныстарын табыс етуіне қарай оларды тиісті тіркеу журналына енгізілуі тиіс.

147. Қағидалардың [145-тармағының](#) талаптарына сәйкес келмейтін баға ұсынысы бар, сондай-ақ конверттерді ұсыну мерзімі аяқталған уақыттан кейін берілген конверт тіркелмейді және оны ұсынған тұлғаға қайтарылады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2024.24.05. № 29 Қаулысымен 148-тармақ жаңа редакцияда (2024 ж. 17 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

Документ: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 Қаулысы (2026.01.02. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 07.10.2018 г.

148. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен электрондық сатып алуды өткізген кезде әлеуетті жеткізуші хабарландыруда көрсетілген баға ұсыныстарын қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін мынадай:

1) егер әлеуетті жеткізуші Қағидалардың [140-тармағында](#) көзделген жағдайды қоспағанда, бұрын баға ұсынысын берген;

2) баға ұсынысы осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомадан асып кеткен;

3) әлеуетті жеткізуші әлеуетті жеткізушінің атынан сенімхатсыз әрекет етуге құқылы басшыны қоспағанда, әлеуетті жеткізушінің мүддесін білдіретін тұлғаға (тұлғаларға) баға ұсынысына қол қою құқығына сенімхат табыс етпеген;

4) сатып алу порталының тиісті уәкілетті органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйелерімен интеграциясы болған кезде сатып алуға қатысуға келісімнің 2-тармағының 3), 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларында көзделген дәйексіз мәліметтерді ұсыну фактісін анықтау жағдайларды қоспағанда, әлеуетті жеткізуші басшысының не ол өкілеттік берген тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, сатып алу порталында автоматты түрде тіркелетін 1 (бір) баға ұсынысын табыс етеді.

Сатып алу порталы баға ұсынысын табыс еткен әлеуетті жеткізушіге хабарландыруды автоматты түрде жібергеннен кейін баға ұсынысы қабылданған болып саналады.

149. Сатып алуды ұйымдастырушы хабарландыруда көрсетілген күні, уақытында және орнында баға ұсынысын ашады және ең төменгі баға ұсынысын берген әлеуетті жеткізушіні айқындайды.

150. Ең төмен баға ұсынысын ұсынған әлеуетті жеткізуші жеңімпаз деп танылады. Егер ең төмен баға ұсынысын бірнеше әлеуетті жеткізуші ұсынған болса, баға ұсынысы басқа әлеуетті жеткізушілердің баға ұсыныстарынан бұрынырақ келіп түскен әлеуетті жеткізуші жеңімпаз деп танылады.

151. Егер Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысы басқа валютада көрсетілсе, баға ұсыныстарын салыстыру мақсатында баға ұсыныстарын бір валютаға келтіру үшін баға ұсыныстарын ашу күніндегі Ұлттық Банктің ресми бағамы қолданылады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#); 2022.22.06. № 55 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#); 2022.21.11. № 109 [Қаулысымен \(2022 ж. 18 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді\) \(бұр.ред.қара\)](#) 152-тармақ жаңа редакцияда; ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2023.27.03. № 23 [Қаулысымен 152-тармақ өзгертілді \(2023 ж. 15 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді\) \(бұр.ред.қара\)](#); ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2024.24.05. № 29 [Қаулысымен 152-тармақ жаңа редакцияда \(2024 ж. 17 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді\) \(бұр.ред.қара\)](#); ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2025.02.12. № 91 [Қаулысымен 152-тармақ өзгертілді \(2025 ж. 26 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді\) \(бұр.ред.қара\)](#)

152. Әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысы, егер:

1) ол сатып алу үшін бөлінген сомадан артық болса;

2) әлеуетті жеткізуші 1 (бірден) артық баға ұсынысын табыс етсе;

3) Қағидалардың [166-тармағында](#) көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті жеткізушінің ұсынысы техникалық ерекше нұсқаманың талаптарына сәйкес келмесе;

Документ: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 Қаулысы (2026.01.02. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 07.10.2018 г.

4) әлеуетті жеткізуші техникалық ерекше нұсқаманы ұсыну туралы талап болған кезде оны ұсынбаса;

5) әлеуетті жеткізуші сатып алу туралы шарт жобасының маңызды талаптарымен келіспесе;

6) дәйексіз мәліметтерді ұсыну фактісі анықталса, қабылдаудан бас тартылуға тиіс.

153. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындылары әлеуетті жеткізушінің баға ұсыныстарын табыс ету мерзімі аяқталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей тапсырыс берушінің бірінші басшысы немесе ол уәкілеттік берген өзге адам бекітетін хаттама түрінде ресімделеді.

154. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындылары туарлы хаттамада:

1) сатып алуды ұйымдастырушының атауы, оның пошталық мекенжайы;

2) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің атауы;

3) баға ұсыныстарын табыс етудің соңғы мерзімі аяқталғанға дейін баға ұсыныстарын берген әлеуетті жеткізушілердің атауы, олар тауарға, жұмысқа, қызметке мәлімдеген бағалар;

4) қайтару себептері көрсетіле отырып, баға ұсыныстары қайтарылған әлеуетті жеткізушілердің атауы;

5) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың жеңімпазы туралы;

6) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өткізілген жағдайда, сатып алу туралы шартты жасау сомасы мен мерзімі туралы мәліметтер қамтылады.

155. Сатып алуды ұйымдастырушы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындылары туарлы хаттаманы бекіткен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қорытындылар туралы ақпаратты тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында немесе баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен электрондық сатып алуды өткізу кезінде сатып алу порталында жариялайды.

156. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу:

1) баға ұсыныстары болмаған;

2) 2 (екіден) кем баға ұсынысы берілген, оның ішінде егер Қағидалардың [152-тармағында](#) көзделген негіздер бойынша баға ұсыныстары қабылданбағаннан кейін 2 (екеуден) кем баға ұсынысы қалған жағдайларда өткізілмеді деп танылады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2025.02.12. № 91 Қаулысымен 157-тармақ жаңа редакцияда (2025 ж. 26 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

157. Егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өтпеді деп танылса не әлеуетті жеткізуші сатып алу туралы шарт жасасудан бас тартса, не Қағидалардың [185-тармағында](#) көзделген жағдайларды қоспағанда, сатып алу туралы шартты жасасып, сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе, онда тапсырыс беруші аталған тәсілмен, оның ішінде сатып алу талаптарын өзгерте отырып, сатып алуды қайта өткізеді не шартты тікелей жасасу тәсілімен сатып алуды өткізеді.

6-тарау. Шартты тікелей жасасу

Документ: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 Қаулысы (2026.01.02. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 07.10.2018 г.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 Қаулысымен (бұр.ред.қара); 2022.22.06. № 55 Қаулысымен (бұр.ред.қара); 2024.24.05. № 29 Қаулысымен (2024 ж. 17 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 158-тармақ өзгертілді

158. Шартты тікелей жасасу тәсілі:

1) авторлық қадағалау қызметтерін;

2) кірме жолдарды пайдалану қызметтерін, жүкті және өнімді жөнелтілген орнына дейін жеткізу қызметтерін;

3) мемлекеттік кәсіпорындардан, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

4) егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өтпеген деп танылса, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

5) егер тендер тәсілімен сатып алу өтпеген деп танылса, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

6) ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2021.19.04. № 43 [Қаулысымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

7) тапсырыс беруші жасасқан шарттардың шегінде белгіленген міндеттемелерді орындау үшін қажетті тапсырыс берушінің жарғылық қызметінің мәні болып табылатын өнімді дайындау және жеткізу үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

8) тапсырыс беруші қызметін (жұмыс істеп тұруын) жүзеге асыру үшін қажетті үй-жайларды, құрылыстарды жалдау қызметтерін;

9) сатып алуды өткізу мерзімі ішінде, бірақ 3 (үш) айдан аспайтын кезең ішінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу көлемінен аспайтын, тапсырыс берушінің қажеттілігін қамтамасыз ету үшін қажетті көлемде Қағидаларға [11-қосымшаға](#) сәйкес Тапсырыс беруші үздіксіз қызметті қамтамасыз ету үшін сатып алатын күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттілік тауарларының, жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің тізбесінде (бұдан әрі - күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттіліктер тізбесі) көзделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

10) құны бойынша жылдық көлемі 5 000 000 (бес миллион) теңгеден аспайтын (қоса алғанда) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

11) ерекше маңызды мемлекеттік объектілердің және (немесе) тапсырыс берушінің мектепке дейінгі ұйымының асханалары үшін тамақ өнімдерін;

12) Қағидаларға [12-қосымшаға](#) сәйкес Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерінен және (немесе) Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдардан сатып алынатын жекелеген тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер тізбесінде көзделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

13) кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғаға жеке меншік құқығымен тиесілі үй-жайды (жалдау қызметін қоса алғанда);

14) халықаралық рейтингтік агенттіктердің қызметтерін, сондай-ақ тапсырыс берушінің негізгі қызметі бойынша интернет-ресурстарда орналастырылған ақпаратты ұсыну және ақпаратты отандық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру бойынша қызметтерді;

Документ: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 Қаулысы (2026.01.02. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 07.10.2018 г.

15) егер қандай да бір жеткізушіден тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алған тапсырыс берушіде бірегейлендіру, толық жинақтау, стандарттау немесе қолда бар тауарлармен, жабдықтармен, технологиялармен, жұмыстармен немесе қызметтермен сәйкес келуін қамтамасыз ету мақсатында осы жеткізушіден басқа сатып алуды жүргізу қажеттілігі туындаса тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

16) телефон, ұялы және арнайы байланыс қызметтерін;

17) қағаз және (немесе) электронды тасымалдағышта басылған мерзімді басылымдарды сатып алу кезінде қолданылады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020.18.05. № 70 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#); 2024.24.05. № 29 [Қаулысымен \(2024 ж. 17 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді\) \(бұр.ред.қара\)](#) 159-тармақ жаңа редакцияда

159. Шартты тікелей жасасу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті жеткізушіге жазбаша шақыру жібереді, онда мына мәліметтер:

1) сатып алуды ұйымдастырушының атауы және орналасқан жері;

2) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атаулары және тапсырыс беруші бекіткен техникалық ерекше нұсқамасы;

3) өткізілетін сатып алудың мәні болып табылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сома туралы мәліметтер қамтылады. Қағидалардың [158-тармағының 4\) немесе 5\) тармақшаларына](#) сәйкес тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асырған жағдайда, өтпеген деп танылған, бағаны төмендетуге арналған сауда-саттықты, баға ұсыныстарын сұратуды қолдана отырып өткізілген тендерді қоспағанда, сатып алуға тендер тәсілдерімен қатысу кезінде әлеуетті жеткізушілер ұсынған сома туралы мәліметтер көрсетіледі;

4) маңызды талаптарын, оның ішінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің мерзімін, санын (көлемін) және басқасын көрсете отырып, сатып алу туралы шарттың жобасы;

5) Қағидалардың [165-тармағының 2\) тармақшасында](#) көзделген жағдайды қоспағанда, егер Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес қызметтер көрсету (жұмыстарды орындау) шеңберінде қызметті жүзеге асыру үшін оның бар болуы талап етілсе, рұқсат (хабарлама) беру туралы талап қамтылады.

Электрондық сатып алуды шартты тікелей жасасу тәсілімен жүргізу кезінде сатып алуды ұйымдастырушының әлеуетті жеткізушіге шақыруды жіберуі сатып алу порталы арқылы жүзеге асырылады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 [Қаулысымен 159-1-тармақпен толықтырылды](#); ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020.18.05. № 70 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#); 2024.24.05. № 29 [Қаулысымен \(2024 ж. 17 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді\) \(бұр.ред.қара\)](#) 159-1-тармақ жаңа редакцияда

159-1. Сатып алуға қатысуға келісімнің 2-тармағында көзделген жағдайларда шақыру әлеуетті жеткізушіге жіберілмейді.

160. Қағидалардың [158-тармағының 4\) және 5\) тармақшаларына](#) сәйкес айқындалған әлеуетті жеткізушіге жіберілетін ақпарат тендердің талаптарында немесе баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу талаптарына сәйкес келеді.

Документ: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 Қаулысы (2026.01.02. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 07.10.2018 г.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020.18.05. № 70 Қаулысымен (бұр.ред.қара); 2024.24.05. № 29 Қаулысымен (2024 ж. 17 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 161-тармақ жаңа редакцияда

161. Қағидалардың 158-тармағының 13) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, шартты тікелей жасасу тәсілімен өткізілетін сатып алудың мәні болып табылатын тауарды жеткізуді, жұмысты орындауды, қызметті көрсетуді жүзеге асыруға ниет білдірген әлеуетті жеткізуші шақыру алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей мынадай құжаттарды:

1) әлеуетті жеткізушінің атынан сенімхатсыз әрекет етуге құқылы басшыны қоспағанда, сатып алуға қатысуға келісімге қол қойған адамға берілетін сенімхат;

2) әлеуетті жеткізуші ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекше нұсқамасы;

3) ұсынылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің баға ұсынысы;

4) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген) рұқсат (хабарлама) ұсына отырып, сатып алуды ұйымдастырушыға қол қойылған сатып алуға қатысуға келісімін жібереді.

Электрондық сатып алуды өткізу кезінде рұқсаттар (хабарламалар) туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері арқылы расталады.

Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда әлеуетті жеткізуші рұқсаттардың (хабарламалардың) электрондық көшірмелерін ұсынады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020.18.05. № 70 Қаулысымен 162-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

162. Шартты тікелей жасасу тәсілімен өткізілетін сатып алудың мәні болып табылатын тауар жеткізуді, қызмет көрсетуді жүзеге асыруға ниет білдірген әлеуетті жеткізуші Қағидалардың 158-тармағының 13) тармақшасына сәйкес сатып алуды жүзеге асыру кезінде шақыру алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей сатып алуды ұйымдастырушыға мынадай құжаттарды қоса бере отырып, сатып алуға қатысуға жазбаша келісімін жібереді:

1) жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесі;

2) тұрғын үйге құқық белгілейтін құжаттардың нотариат куәландырған көшірмесі және техникалық паспорттың көшірмесі;

3) шақырту алған күннен ерте берілмеген, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама;

4) тұрғын үйдің ағымдағы жай-күйінің фототүсірілімін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізілген жылжымайтын мүлік объектісін (баспананы) бағалау туарлы есептің нотариат куәландырған көшірмесі;

5) әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысы;

6) неке қатынастарының бар екенін растайтын құжаттың көшірмесін қоса бере отырып, жұбайының (зайыбының) нотариат куәландырған келісімін не неке қатынастарында тұрғаны туралы фактінің жоқ екені туралы мәліметтер көрсетілген өтінішті немесе некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәліктің немесе жесір екенін растайтын куәліктің нотариат куәландырған көшірмесі.

Документ: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 Қаулысы (2026.01.02. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 07.10.2018 г.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020.18.05. № 70 Қаулысымен 162-1-тармақпен толықтырылды

162-1. Шартты тікелей жасасу тәсілімен электрондық сатып алуды жүргізу кезінде әлеуетті жеткізуші сатып алуды ұйымдастырушыға Қағидалардың [161](#) және [162-тармақтарында](#) көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, әлеуетті жеткізуші басшысының немесе ол уәкілеттік берген өзге адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған сатып алуға қатысу туралы растаманы жібереді.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020.18.05. № 70 Қаулысымен 163-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

163. Шартты тікелей жасасу тәсілімен сатып алуды жүргізу кезінде сатып алуды ұйымдастырушы тапсырыс берушінің бірінші басшысы немесе ол уәкілеттік берген өзге адам бекітетін сатып алу қорытындысы туралы хаттаманы ресімдейді.

Электрондық сатып алуды жүргізу кезінде сатып алу қорытындысы туралы хаттама сатып алу порталында орналастырылады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2024.24.05. № 29 Қаулысымен 164-тармақ жаңа редакцияда (2024 ж. 17 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

164. Сатып алу қорытындысы туралы хаттамада мынадай ақпарат:

1) шартты тікелей жасасу тәсілімен сатып алуды қолданудың негіздемесі;

2) сатып алу үшін бөлінген сома, ал Қағидалардың [158-тармағының 4\) немесе 5\) тармақшаларына](#) сәйкес тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асырған жағдайда - бағаны төмендетуге арналған сауда-саттықты қолдана отырып өткізілмеген деп танылған тендерді қоспағанда, тендер, баға ұсыныстарын сұрату тәсілдерімен сатып алуға қатысу кезінде әлеуетті жеткізушілер ұсынған сома туралы мәліметтер;

3) шартты тікелей жасасу тәсілімен сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасы;

4) сатып алу туралы шарт жасалатын жеткізушінің атауы мен орналасқан жері және осындай шарттың бағасы қамтылады.

165. Қағидалардың [158-тармағының 4\) және 5\) тармақшаларында](#) көзделген негіздер бойынша шартты тікелей жасасу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде сатып алуды ұйымдастырушы мына іс-шаралардың бірін жүзеге асырады:

1) Қағидалардың [108-тармағының 1\), 4\) тармақшаларында](#) және Қағидалардың [156-тармағының 1\) тармақшасында](#) көзделген жағдайларда тапсырыс беруші шақыру жіберілетін әлеуетті жеткізушіні айқындайды;

